


Маденишем

№3 (151) Наурыз 2019 жыл





АБЫЛАЙ ХАННЫЦ жетінші ұрпағы

Халықтың жүргөндегі мәңгілік қалған Марат Шотаев жөнінде

ТЕКТІДЕН ТЕКТІ ТУАДЫ

Жалпы, адам баласы өмірге қонақ. Оны көпшілігіміз тірі кезімізде толық түсіне бермейтін секілдіміз. Тек арамызда жүрген асылдарымыз бен ардақтыларымыз бақылық болғанда ғана олардың қадірін біліп, өкініштен өзегіміз өртеніп жатады.

Өз басым әлі күнге дейін бекзат болмысты, кісіге қылдай қиянаты жоқ, қашан көрсөн де, өзін бірқалыпты салиқалы ұстайтын Марат ағамыз күтпеген жерден қайтыс болды дегенге сенбеймін. Ол өмірден өтті деген сүйк хабарды естігенде есенгіреп қалдым.

Мынау дүниеде ешқандай мән қалмағандай сезініп, көңілсіз күйді бастан кештім. Алайда, қолдан келер дәрмен бар ма? Бүгінгі жүрген жан ертеңгі топырақ екендігіне көзім айқын жеткендей.

Әйткені, онымен мәңгілік көз жұмардың алдында ғана облыс орталығындағы бір ғимараттың өзі науқастарды қабылдайтын бөлмесінде кездесіп, еменжарқын сырласқан едік. Ол келгеніме балаша қуанып: «Інім, үй-ішің аман есен бе, ағаң аздап сырқаттанып

қалды. Жақында ғана ауруханада емделдім, енді-енди өзіме келіп жатырмын. Қолымда ұстаған таяғым болмаса, сол баяғы қалпым. Еш уайымдамандар, Алла сәтін салса, жүгіріп кететін күн де алыс емес» деген-ді.

Содан арада көп уақыт өткен жоқ, сүм ажал оған құрығын салып, біржола алып кетті. Көрнекті тұлғаны айрықша сыйлап, өздеріне үлгі тұтатын ағайынбауыр, зиялы қауым өкілдері мен ұрпақтары мәңгілік мекеніне шығарып салды.

Марқұм жайлы ешқашан да мұндағы естелігімді өткен шақпен жазамын деп ойламаптын. Ол жайлы сөз болғанда тамырын терең жайған текті әulet жайлышы қысқаша баяндауға тұра келеді.

Себебі, Мәкеңнің өзі аузынан тастамай ғұмырын ғибрат тұтатын асқар таудай әкесі Ахметқазы Қазкемелұлына тоқталмай өте алмаймын. Рас, оны өз басым көре алмадым. Алайда, оқығаным мен қалың жүртшылықтан естіп, көңілге тоқығаныма сүйенемін.

Артына өшпес із қалдырған мәуелі бәйтерек атанған ұлағатты ұстаздың қазақ елінің болашағы жас ұрпақты тәрбиелеуде сінірген еңбегі орасан. Ол Мендіқара ауданына қарасты Ұялысай деп аталатын



елді-мекенінде 1902 жылы 9 тамызда жарық дүние есігін ашыпты.

Кейбір сенімді дерек көздеріне қарағанда, ол алдымен өзі түлегі болып табылатын ауданда, содан кейін Ресейдің Троицк шаһарындағы ерлер гимназиясында білім алды. Жастайынан өте зерделі шәкірт қай жерде оқыса да, тәлімгерлерінің үздік шәкірті атанды.

Оның негізгі мұғалімдік қызметі 1919 жылғы аласапыран уақыттарда басталыпты. Эрине, оның өткен өмір жолын жан-жақты қамту мүмкін емес. Оны мақсат та түтпадық. Бізге белгілісі, ол кезінде Ақсуат ауылындағы білім ордасында қазақтың педагог - жазушысы Спандияр Көбеевпен бір үжымда әріптес болып қызмет атқарғаны. Екеуі қимас дос болып, талай қазақ жастарының үлкен өмірге қадам басуына өздерінің иғі ықпалын тигізді.

Ахметқазы ағамыз сонау бір жылдары Еңбек және Қараоба мектептерінде басшы болды. Сондай-ақ Мендіқара аудандық оқу бөліміне жетекшілік етті.

Ұстаздардың төккен мәндай тері қашан да түлеп үшқан жастардың жеткен жетістіктерімен өлшенетіні жүртшылықта аян. Соңау жылдары оның алдынан дәріс алып, парасатты сөздерін естіген үлтұмыздың дарынды үлдары қазақ ғылымында өздерінің айрықша қолтаңбасын қалдырған Өмірзак Сұлтанғазин, Мана-

Қозыбаев, Қазақстанның халық суретшісі Хәкімжан Наурызбаев, белгілі жазушы Жайсанбек Молдағалиев, Социалистік Еңбек Ері Оразалы Қозыбаевтар кейіпкеріміздің сенімін ақтаған тұлғалар.

Троицк гимназиясында ерте қолға алған суретшілік өнері одан әрі жалғасын тапты. Тәлімгер-ұстаз қолына қыл қалам ұстап, ғажайып туындыларын дүниеге әкелумен бірге мұсіншілік қырымен де танылды.

Бос уақыттарын әрқашан да тиімді пайдаланатын зиялы азамат қобыз, домбыра, мандолина секілді аспаптарды да еркін менгеріп, өз ортасында әбден танылды.

Жан дүниесі рухани бай, сұлулыққа құштар, әдебиет пен мәдениетімізді жоғары бағалайтын әulet басшысы есімдері халқымыздың аузында жүрген қайталанбас зиялы жандар және қаламгерлермен тұрақты байланыс жасады. Олардың арасында үлтұмыздың атақты академиктері Сәбит Мұқанов, Ғабит Мұсірепов, халық ақыны Омар Шипин, көрнекті мемлекет қайраткері Ілияс Омаровтар болды.

Кезінде халық жазушысы Мәриям Хәкімжанова апамыз оған арнап, «Әз аға» деп аталатын өлең де жазғаны жүртшылыққа аян. Бұл да үлтұмыздың мақтанышы, қазақ қыздарының бетке тұтар аяулы ақынына деген үлкен құрметтің жарқын белгісі ретінде салған портретін сыйға тартқаны да көпшілікке мәлім.

Айтулы педагог 1991 жылы дүниеден өтті. Алайда, оның есімін мәңгілік қалдыру мақсатында жергілікті басшылар кейінгілерге ғибрат болар іс тындырыды. Оның аты Боровской селосындағы бір мектепке берілді.

Көркем мінезді Ахметқазы Қазкемелұлының көп жылғы ағартушылық қызметі мемлекеттік мара-паттармен атап өтілді. Қазақстанның еңбек сінірген мұғалімі атанды. Ленин және Еңбек Қызыл Ту ордендерін қеудесіне тақты. Қостанай облысының «Құрмет Кітабына» енді. Шотаев әuletін өнірімізде білмейтіндер жок десе де болады.

ӘКЕ СЕНІМІН АҚТАДЫ

Жоғарыда сөз етілген Ахметқазы атамыз берілген отбасының шырайын келтірген ғұмырлық серігі Сәлима екеуі сегіз балаға жастайынан өнегелі тәрбие беріп, олардың бейнетқор да саналы азаматтар болып қалыптасуына айрықша көніл бөлді.

Ұлдары Болат, Марат, Жангелді, Арнұрды, қыздары Жүпар, Сара, Күләш, Гүлнәрды өз табиғаттарына сай, қайсар да ибалы, үлкен мен кішіге қамқор, инабатты

да парасатты болуға баулыды.

Қай отбасы болсын өз балаларының қалың жүртшылықта пайдалы маман атануларына ерекше назар аударады емес пе. Отағасы Ахаңың өзі көрнекті ұстаз болумен қатар, ұлттымыздың адамның жан сарайын кемелдендіретін өнеріне шексіз ғашықты.

Ол негізгі қызметінен қолы бос кездері суретшілік және мүсіншілікпен беріле шұғылдануға уақыт табатын. Онысын әріптестері мен замандастары үлгі тұтып: «Біздің Ахметқазы бесасспап, руханият саласының да нағыз майталманы» десетін.

Отағасының бойындағы осындай қырлары өзі жақсы көретін перзенті Маратқа да жүқты. Әйткені, ұлы мектепте сабакты жақсы ұлгірумен бірге саз балшықпен мүсін де жасайтын. Сонымен қатар айналасындағы табиғаттың сұлулығына тамсанып, қиял байлығына барынша сүйеніп, сурет те салатын.

Мүсіншілік дарыны өз алдына бір бөлек әңгіме. Осы сөзіміздің нақты айғағы ретінде өзінің жеке шеберхасында аты-жөндері құллі исі қазаққа мәшһүр тұлғалар – қазақтың көрнекті ғалымы Шоқан Уәлиханов, Социалистік Еңбек Ерлері Жансұлтан Демеев, Кәмшат Дөненбаева, атақты ұстаз Спандияр Көбеевтің мүсінін жасады.

Сонымен қатар Ингушетияның президенті, Кеңес Одағының Батыры Руслан Аушевтің бейнесін арқау еткен туындысы да талғампаз қауымның тарапынан өзінің лайықты бағасын алған еді.

Әрине, өз шығармашылығындағы образын бейнелеген кісінің кескін-келбетін, болмыс-бітімін балшықпен немесе гипспен сомдау айтуға ғана жеңіл.

Марат ағаға мүсіншілік өнерді кәсіпке айналдырып, тиісті білім алуға да әбден мүмкіндігі болды. Бірақ, онымен негізгі таңдаған мамандығымен қатар алып жүргүре біржола шешім қабылдады.

Ол жастайынан адам жанының арашашысы яғни, дәрігер болуды армандады. Әйткені, ес білгеннен қиналғанды қолтығынан демеп, қысылғанға тірек болу адамзаттың тіршіліктегі басты парызы деп ұқты.

Сондықтан асыләке мен аяулы аданың тағылымды тәрбиесін көрген бұл үй ішімен ақылдаса отырып, ақ халатты абзal жан атанғысы келетіндігін білдірді. Әрине, таудай талабы бар бозбаланың құлшынысын жақын жанашыр бауырлары да қолдады.

Содан кейін сонау Қарағандыдағы мүйізі қарағайдай ғұлама ғалымдар мен атақты мамандар

шоғырланған медициналық институтқа өзге замандастары секілді құжатын тапсырды.

Сұңғақ бойлы, барлық дүниеден хабардар, озық ойлы, ой-өрісі кең жаңіт мемлекеттік емтихандардан сүрінбей өтіп, студент атанды. Сол қимас күндер мен жылдар да тек ізденіспен өтті. Өзіне дәріс берген тәлімгерлерінің қабілетті шәкірттерінің бірі болды.

Жоғары оқу орнын тәмамдап, диплом алған соң, туған жеріне туын тігу мақсатында Қостанай өңіріне оралды. Облыстағы Мендіқара ауданына қарасты бірқатар елді-мекендерде бас дәрігер болып, жерлестерінің ыстық ықыласына бөленді.

Ауылдық жерлерде өзі секілді әріптестеріне әмбебап болуға тұра келеді. Күндіз-тұні басы ауырып, балтыры сыздап келген кісілерді былай қойғанда, ауруханаларда төсекке танылып, қаншама өлім мен өмір арасында арпалысып жатқан сырқаттарды емдеп, қатарға қости. Олар шынайы алғыстарын білдірсе, елдегі абыз ақсақалдардың батасын алды.

Әрдайым кәсібіне байланысты заманға сай болу мақсатында өз бетінше көп ізденді. Сөйтіп, жанына шипа іздеген адамдарға пайдасын тигізуді ойладап, Киев пен Мәскеу қаласында білімін көтеріп, шығыс медицинасын терең менгерді. Ол аз десеніз, Қытайдың алтын, күміс инемен емдеу тәсілін де игерді.

Жоғары санаттағы дәрігерлік деңгейге жетті. Ол өзі бір перзенті болып табылатын Қостанай өңірін айтпағанда, Ресейдің сонау Санкт-Петербург қаласында да көптеген кісілердің ілтипатына ие болып, осынау тарихи шаһарға да жиі атбасын бұрып тұратын-ды.

Асырып айтқанымыз емес, ағамыздың киім кию үлгісі, жүріс-тұрысы, сөйлеу әдебі, ішкі мәдениеті басқалардан ерекшеленіп тұратын. Ешкімді шеншекпеніне қарап сыйламайтын. Сол себепті де оның досы да, рухани үндес замандастары да көп-ті.

Мәкенінің кейбір қатарластары біле бермейтін қырлары да аз емес-ті. Ол оңашада қолына қазақтың қасиетті қара домбырасын алып, күмбірлете күй де шертетін. Ұлттымыздың классикалық және халық әндерін ерекше ден қойып тыңдайтын. Қазақ радиосынан берілетін әсем әуендерді жібермейтін. Абай атамыздың «Көзімнің қарасы», «Айттым сәлем, Қаламқас» халық әні «Қарлығашты» тебіреніспен орындаштын. Өзімен кездескен сәттерімде ән-күйсіз өмірін көз алдына елестете алмайтының айтатын.

ҰЛЫ ӘДІЛ ТАЛАНТТЫ МҰСІНШІ

Ол Жосалы ауылын жиі сағынышпен еске алатын. Әйткені, оның айналасы өте табиғатқа бай, жан-жағы тұнған нұлы орман. Дәл осы құтты қоныс өзінің суретші, мұсінші, емші ретінде халыққа кеңінен танылуына ықпалын тигізіпті. Тіпті, тіршілігінің жалғасы сүйікті перзенттері де осында өсіпті. Білікті дәрігер егер мен ақын болсам, сол ауыл жайлы талай көркем тілмен жазылған кітаптарым жарық көрер еді дейтін.

Ал оқыған-тоқығаны мол, өмірлік тәжірибесі кемел, таным-түсінігі жоғары айтулы азамат кезінде Санкт-Петербург медицина академиясында ұстаздар мен студенттерге шығыс медицинасынан дәріс те оқыпты. Өзімізben көршілес жатқан Қорған облысында да жергілікті жұртшылықтың арнайы шақыруымен мәртебелі қонақ ретінде сапарда жиі болыпты.

Мәкеңді таныстары мен емшілік шапағатын көрген кісілер өзін тамырши деп те атайдын. Әйткені, ол алдына шипа іздеп, соңғы үмітпен келген адамның тамырын ұстап, немен ауыратындығын бірден айта беретін.

«Адамның бір қызығы бала деп» Абай атамыз айтқандай, ол қос баласы Әділ мен Зухраны көзінің ағы мен қарасында жақсы көрді. Соларды отбасының мәні мен сәніне балады. Адам баласы мынау жалған дүниеге қонақ екендігін білгендіктен, ұрпағы деп ғұмыр кешті. Екеуінің тиянақты білім алуы мен зерделі азаматтар болып қалыптасуына әке ретінде барын салды.

Құдай қосқан қосағы Мұгілсім ұзақ жылдар бойы педагогтық қызмет атқарды. Екеуі ұлдары мен қыздарынан Ерназар және Ария есімді немерелерін сүйді. Үлкені компьютерлік дизайнмен айналасады. Ария болса әлі мектеп оқушысы.

Марат ағамыз бен жеңгеміздің тұнғыштары Әділ өте дарынды бала болып қалыптасты. Мұсін өнеріне төрт жасынан ден қойды. Шаңырақ иесі де өзінің жас кезіндегі жетпеген арманына ол көтерілсе еken деген иғі ниетте болды. Перзентіне тиісті бағыт-бағдар берді. Ол да әкесін жерге қаратқан жоқ. Алдымен, Алматыдағы Темірбек Жүргенов атындағы өнер академиясына түсіп, содан кейін Ресейдің Репин атындағы Санкт-Петербург шаһарындағы осындағы академияда оқуын жалғастырды.

Ата-анасы келешегінен үлкен үміт күткен қыздары Зухра да кішкентайынан ұстаз бо-

луды қалады. Сол мақсатына қол жеткізіп, өз мамандығының саңлағы атанды. Ағылшын тілін жетік менгерді. Эріптестерінің алдында беделді.

Әділ қазіргі таңда кәсіби мұсінші. Атасы Ахметқазы мен әкесі Мараттың жолын құған табиғи талант иесі. Сөздің емес, істің адамы. Орынсыз мактанды жаны сүймейді. Бұл күндері Ресейдің көркемсурет академиясының Құрметті академигі, Петровск ғылым және өнер академиясының толық мүшесі.

Марат Ахметқазы ұлы шын мәнінде үлкен жүректі, тек кісіге болсын дейтін, маңындағыларға шарапаты тиген зиялы жан еді. Адамды бірге өсken, етене араласқан пікірлес достары мен інілерінен артық кім біледі. Ол жөнінде көрнекті ғалым, академик Аманжол Құзембаев, Қазақстанның Құрметті журналисті Жайберген Болатов, филология ғылымдарының докторы Алмас Әбсадық және басқалар толғана сыр шертеді.

«Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» деген рас. Мұны әсіресе, өзіміз өмірде туған ағамыздай болып кеткен, қажет кезінде ойларымызды жалықпай тыңдал, тиісті ақыл-кеңесін аямаған, сапарға шықсақ ақ батасын беріп отыратын қимас жанды жоғалтқанда қатты сезініп, құлазыдық. Асқар тауымыз құлағандай болдық.

Жүргегі таңғы шықтай кіршіксіз таза да мөлдір, иман жүзді, адам баласын ренжіту дегенді әсте білмейтін Мәкеңді сағынышпен еске алып, өткен күндерді жиі ой елегінен өткіземін.

Ол қазақ және орыс тіліне өте жетік-ті. Өзге үлттар да оған үлкен құрметпен қарады. Кеше кенеттен қайтыс болғанда, сонау Ресейдің көптеген қалаларынан қабырғалары қайысып, отбасының қайғысына ортақтасты.

Сол өзімен сыйласқан кісілердің бәрі де Марат Шотаевтың азаматтық қасиетін, кәсіби біліктілігін жоғары қойып, жан-құйзелістерін білдіріпті.

Иә, ол шын мәнінде халық үшін туылған, өз мамандығының шырқау биғіне көтерілген ардақты тұлға еді. Сондықтан да жүрегіміз қан жылайды.

Мұндай кісілердің орны ешқашан да толмайды. Енді марқұмға жатқан жеріңіз жарық, иманыңыз серік болсын. Алла тағала мейірімі мен панаына алсын. Жетпеген ғұмырын ұрпақтарына берсін деймін.

Біз сізді ешқашан да ұмытпаймыз, жан аға!

Оразалы ЖАҚСАНОВ,
Қазақ журналистикасының
қайраткері